2. Осы статистиканың субъектілері прокуратура органдары, соның ішінде арнайы прокурорлар, Ішкі істер министрліктері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекаралық қызметі, Қорғаныс министрлігі, Қаржы министрлігінің кедендік бақылау комитеті, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының сот әкімшілері, Жоғарғы Сот жанындағы соттық әкімшіліктеу комитеті, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

3. Осы есепті қалыптастырудың негізі құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 7330 санымен тіркелген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 18 қарашадағы № 122 бұйрығымен бекітілген Қылмыстар, оқиғалар, қылмыстық істер, оларды тергеу, прокурорлық қадағалау және сотта қарау нәтижелері туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты бірыңғай карточкалық есепке алуды жүргізу (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе) жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес толтырып ұсынған ақпараттық есепке алу құжаттары (бұдан әрі - АЕК) б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту: Кестелер ақпараттық есепке алу құжаттарының Қазақстан

Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық басқармаларына келіп түскен күні бойынша есептеледі.

Арнайы прокурорлар есепті қалыптастырған кезде арнайы прокурор тергеліп жатқан қылмыстық іс бойынша бір уақытта бақылау және қадағалау құзыреттілігіне ие бола алмайтынын ескеру қажет.

Арнайы прокурорлар жұмысының негізгі көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚІЖК) 197 бабы 1 бөлігі 12) тармақшасына сәйкес арнайы прокурорлар қалыптастыратын АЕҚ негізінде прокуратура органдарының есебінде қалыптастырылады.

Қылмыстық қудалау органы қылмыстық істі берген жағдайда және оны ҚР ҚІЖК 198 бабы 3 бөлігіне сәйкес құрылған тергеу тобы өндірісіне қабылдаған жағдайда істің қозғалысы туралы АЕҚ-ны қою оны бергенге дейін өндірісінде болған қылмыстық қудалау органына қалады.

Осы қылмыстық істерді есепке алу ҚР ҚІЖК 198 бабы 3 бөлігіне сәйкес құрылған тергеу тобына тергеуге жіберетін қылмыстық қудалау органының есебінде жүргізіледі, сондай-ақ «ҚР ҚІЖК 198 бабы 3 бөлігіне сәйкес арнайы прокурорлар жұмысының негізгі көрсеткіштері» 1-1 кестесінде көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

4. Облыс бойынша жинақталған ведомствоаралық есеп осы аймақтың қылмыстық қуғындау органдарының есептерінен құрылады.

5. Есепті құру кезінде жекелеген көрсеткіштердің арасындағы қисынды ара-қатынастың сақталуы қажет.

6. Жинақталған есепті және әр субъект бойынша есептерді ұсыну олардың арасындағы қисынды ара-қатынастың тексерілуін қамтамасыз ету үшін бір уақытта жүргізіледі. Комитеттің аумақтық басқармаларының бастықтары бақылау жүргізіп, есептіліктердің бұрмалануын жою бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

7. Мәліметтерді АЕҚ-нан ББСЖ деректер базасына енгізудің уақытылығына, дұрыстығына және толықтығына тікелей оларды енгізуді жүзеге асыратын қызметкер және тиісті бөлім бастығы жауапты болып табылады.

8. Комитетке модем байланысы арқылы келіп түскеннен кейін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2000 жылғы 10 қазандағы «Статистикалық деректерді түзету ережелерін» бекіту және қолданысқа енгізу туралы» № 55 бұйрығына (бұдан әрі – ҚР БП № 55 бұйрығы) сәйкес оған түзету енгізу рұқсат етіледі.

9. Есептер іс жүргізудің қолданыстағы талаптарына сәйкес тіркеледі, қайта жолданады және сақталады.

10. Барлық есептер Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының тиісті бұйрықтарымен бекітілген нысандағы бланкілерде құрылады.

2. Есепті ұсыну мерзімдері

11. Комитетпен және оның аумақтық басқармаларымен қылмыстық қуғындау органдарына ай сайын алдын-ала 28-не дейін және есептік кезеңнің соңғы жұмыс күнінде электронды жеткізгіш арқылы алдын-ала есеп және есептің негізгі көрсеткіштері бойынша келесі тізімдік мәліметтер ұсынылады:

-1-кестеден «Тергеу бөлімшелерінің негізгі көрсеткіштері» және 9 «Анықтау бөлімшелерінің негізгі көрсеткіштері»;

-5-кестенің 14, 16, 17 жолдарының деректері «Тергеу бөлімшелерінің бұлтартпау шараларын таңдау бойынша көрсеткіштері» және 13 «Анықтау бөлімшелерінің бұлтартпау шараларын таңдау бойынша көрсеткіштері», «Ұстауды ҚР ҚІЖК 134-бабының талаптарын бұзумен жүргізгені үшін»;

-1-жолдың деректері «Конституциялық құқықтары бұзылған тұлғалар саны (2, 9, 14 жолдар сомасы)» 7-кестенің «Тергеу бөлімшелерінің қылмыстық істерді тергеу кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау туралы көрсеткіштері» және 15 «Анықтау бөлімшелерінің қылмыстық істерді тергеу кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау туралы көрсеткіштері».

12. Қолда бар АЕҚ деректерін нақты енгізгеннен соң Комитеттің аумақтық басқармаларымен есептік кезеңнен кейінгі айдың 4-санына 22.00. сағатта келесі есептік кезеңдегі айдың 5-санында бекітілетін статистикалық кесім есептеледі. Бекітілген статистикалық кесім қандай да бір түзетулер енгізуге тыйым салынды.

13. Комитет қылмыстық қуғындаудың әр органы бойынша есепті тиісті органға келесі есептік кезеңдегі айдың 9-санына ұсынады.

14. Комитеттің аумақтық басқармасы бастығымен қол қойылған есептің данасы Комитетке тоқсан сайын қол қойылған күнінен бастап 5 күн ішінде жолданады.

15. Комитетпен қалыптастырылған түпнұсқаның және деректердің арасындағы үйлеспеушіліктер болған жағдайда бекітілген статистикалық кесім бойынша алынған есептердің деректері негіз болады.

3. Есептің 1-8 кестелерінің құрылымы және қалыптасуы (тергеу органдарының жұмысы)

1-кесте «Тергеу бөлімшелерінің, арнайы прокурорлардың негізгі көрсеткіштері»

Ескерту. Кестенің атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

16. Осы кесте тергеу органдары бөлімшелерінің және арнайы прокурорлардың қылмыстық істерді тергеу бойынша жұмысының негізгі көрсеткіштерін бейнелейді. Кесте 2 бағаннан және 39 жолдан тұрады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

17. 1-бағанда үдемелі қорытындымен (қайталанғандарды қосқанда) есептік кезеңде, 2-бағанда ағымдағы айда жасалған жұмыстың көрсеткіштері көрсетіледі.

18. 1-жолда өзгермейтін, есептік кезеңнің басында аяқталмаған қылмыстық істердің қалдығы ескеріледі.

19. 2-жолда есептік кезеңде өндіріске қабылданған істер туралы деректер бейнеленеді (сонымен қатар екі және одан да артық). Осы жолдың көрсеткіші 3, 4, 6, 8, 9, 12, 13 жолдардың сомасынан да тұрады.

20. 3-жолда тергеу жүргізу органының өзімен қозғалған қылмыстық істердің саны көрсетіледі.

21. 4-жолда осы ведомствоның анықтау органдарынан келіп түскен қылмыстық істер, көрсетілген жолдан 5-жолда тергеу мерзімдерінің 30 күннен астам және ҚР ҚІЖК 288-бабының 1-бөлігі тәртібінде 2 айдан астам уақыт бұзылуымен келіп түскен істер ерекшеленеді.

6-жолда бағыныстылығы бойынша басқа органдардан келіп түскен істер ескеріледі, 7-жолда бағыныстылығы бойынша басқа органдардан белгіленген тергеу мерзімдерін бұзу арқылы келіп түскен анықтау органдары үшін 30 күннен астам: (соның ішінде, ҚР ҚІЖК 288-бабы 2-бөлігінің және 289-бабы 2-бөлігінің тәртібінде алдын ала тергеу тағайындалған анықтау істері бойынша) және тергеу органдары үшін 2 айдан астам: (соның ішінде ҚР ҚІЖК 288-бабының 1-бөлігі тәртібінде анықтау істері бойынша) қылмыстық істер ерекшеленеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

22. 8-жолда бұрын біріктірілгендердің ішінен жеке өндіріске бөлінген қылмыстық істер ескеріледі.

23. 9 жолда қосымша тергеуге қайтарылғаннан кейін қылмыстық қудалау органдары, арнайы прокурорлар өндіріске қабылдаған қылмыстық істер бейнеленеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

24. 9 жолдан 10 жолда барлық сатыдағы соттар, 11-жолда прокурор (көрсетілген істерді есепке алу 1.1. нысанды АЕҚ негізінде, яғни, істерді қылмыстық қудалау органдары өндіріске қабылдағаннан соң жүргізіледі) қайтарғандар ескеріледі.

11 жолда прокурор тергеуде болуының өзгеруімен қосымша тергеуге қайтару туралы шешім қабылдаған істер есепке алуға жатпайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

25. 12-жолда қылмыстық қуғындау органымен өндіріске қабылданған сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу бойынша қылмыстық істер (бұдан әрі – СДІЖ) бейнеленеді. 12-жолдан ерекшеленеді, сонымен қатар сотпен бөлінетіні (13-жолда) және прокурормен бөлінетіні (14-жолда) көрсетіледі.

26. 15 жолда прокурор айыптау қорытындысын құру үшін қайтарғаннан кейін қылмыстық қудалау органы, арнайы прокурорлар өндіріске қабылдаған қылмыстық істер бейнеленеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

27. 16 жолда өндіріспен жаңғыртылған істер, сонымен қатар өндіріске қабылдаудың өзге де жағдайлары көрсетілген.

28. 16 жолдан 17-18 жолдарда ҚР ҚІЖК 37 және 38 баптары тәртібінде қысқартылғандар қатарынан жаңғыртылған және тиісінше ҚР ҚІЖК 50 бабы тәртібінде тоқтатылған қылмыстық істер ескеріледі. Осы жолдар 1.1. нысанды АЕҚ негізінде, яғни қылмыстық қудалау органы, арнайы прокурорлар істерді өз өндірісіне қабылдағаннан кейін есепке алынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

29. 19 жолда есептік кезеңнің басына аяқталмаған істердің қалдығынан қалыптасатын және осы есептік кезеңде өндіріске қабылданған (1 және 2 жолдардың сомасы) өндірістегі қылмыстық істердің жалпы саны көрсетіледі.

30. Қылмыстық істерді ҚР ҚІЖК 190-бабының 1 және 3 тармақтары тәртібінде қозғау туралы алынған қаулылар 20-жолда көрсетіледі, олардың ішінен 21-жолда қосымша тексеруге жолданған қылмыстық істер бөлінеді, 22-жолда қылмыстық істі қозғаудан бас тартылуымен, 23-жолда қылмыстық істің тоқтатылуымен, 24-жолда өткен жылдары қозғалған қылмыстық істер көрсетіледі.

31. 25-жолда бағыныстылығы бойынша ҚР ҚІЖК 192 және 193 баптары тәртібінде жолданған істер бейнеленеді.

32. Өндірістегілердің қатарынан есептік кезеңде біріктірілген қылмыстық істер 26-жолда бейнеленеді.

33. 27-жолда есептік кезеңде ҚР ҚІЖК 50-бабы тәртібінде өндіріспен тоқтатылған қылмыстық істер көрсетіледі.

34. Есептік кезеңде аяқталған қылмыстық істер 28-жолда көрсетіледі, сонымен қатар 29-жолда негізгі іске біріктірілген аяқталған эпизодтардың саны көрсетіледі.

35. 28-жолдан 30-жолда ҚР ҚІЖК 280-бабының, 31-жолда ҚР ҚІЖК 514-бабының тәртібінде, 32-жолда сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу формасында прокурорға жолданған қылмыстық істер, 33-жолда ҚР ҚІЖК 37 және 38 баптары тәртібінде қысқартылғандар, сонымен қатар 34-жолда ақтау негіздері бойынша тоқтатылған қылмыстық істер ерекшеленеді. 34-жолдан 35-жолда ақтау негіздері бойынша қайтадан қабылданған шешімдерсіз, яғни, есептік кезеңнің соңына соңғы қабылданған шешім бойынша тоқтатылған істер көрсетіледі.

33, 34 және 35 жолдарда қылмыстық істі тергеу барысында қылмыстық қудалау органдары, арнайы прокурор, прокурор қысқартқан қылмыстық істер көрсетіледі. Айыптау қорытындысымен келіп түскендер қатарынан прокурор қысқартқан қылмыстық істер осы жолдарда ескерілмейді.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

36. Бұрын есепке алынбаған тергеу кезінде айқындалған қылмыстар 36-жолда бейнеленеді.

37. Бұрын ҚР ҚІЖК 50-бабының 1-бөлігі 1-тармағы бойынша тоқтатылғандар қатарынан аяқталған қылмыстар 37-жолда бейнеленеді. Бұл жолда тергеу жолымен ашылған қылмыстар ғана ескеріледі.

38. Есептік кезеңнің соңына аяқталмаған қылмыстық істердің қалдығы 38-жолда, сонымен қатар тұлғалармен 39-жолда ескеріледі.

«ҚР ҚІЖК 198 бабы 3 бөлігіне сәйкес арнайы прокурорлар жұмысының негізгі көрсеткіштері» 1-1 кестесі есептің 1 кестесіне ұқсас құрылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

2-кесте «Тергеу бөлімшелерінің, арнайы прокурорлардың тоқтатылған қылмыстық істер бойынша көрсеткіштері»

Ескерту. Кестенің атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

39. Көрсетілген кесте ҚР ҚІЖК 50-бабының тәртібінде тоқтатылған қылмыстық істер бойынша мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 63 жолдан тұрады.

40. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады. 3-баған 1-бағаннан шығады, ол өткен жылдары тоқтатылған және ағымдағы есептік кезеңде олардың тоқтатылуы бойынша шешімдер қабылданған барлық қылмыстық істерді бейнелейді. Егер қылмыстық іс өткен жылдары бір органмен, ал ағымдағы есептік кезеңде екінші органмен тоқтатылса, ағымдағы есептік кезеңде тоқтатқан орган негізге алынады. Егер өткен жылы қылмыстық істен эпизод ерекшеленіп тоқтатылса, ал осы жылы сол эпизод біріктіріліп тоқтатылса, б ұ л і с 3 - б а ғ а н д а е с к е р і л м е й д і .

41. 1-жолда ҚР ҚІЖК 50-бабының тәртібінде 2-10 жолдарда бейнеленген негіздер бойынша бөлінген тоқтатылған қылмыстық істер бейнеленеді.

42. 11-жолда бұрын тоқтатылған істерден, сонымен қатар 12-20 жолдарда бейнеленген негіздер бойынша бөлумен прокурормен тоқтату туралы қаулыларды алғаннан кейін жаңғыртылған қылмыстық істер көрсетіледі.

43. 21 жолда прокурор қылмыстық істі тоқтату туралы, соның ішінде 22 жолда қылмыстық қудалау органының, арнайы прокурордың өзінің өтініші бойынша күшін жойған қаулылардың саны көрсетіледі. 21 жолдан 23 жолда прокурор бір қылмыстық іс бойынша қайталап күшін жойған қылмыстық істер к ө р с е т і л е д і .

Осы қылмыстық іс бойынша тоқтату туралы қаулының күшін жою жөніндегі қаулыны қайта шығару кезінде қайталанғандарды есепке алуды, яғни, 23 жолда прокурор есептік кезеңнің соңында қайталап күшін жойған орган, арнайы п р о к у р о р жү р г і з е д і .

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

44. Прокурормен алынған қылмыстық істерді тоқтату туралы қаулылар бойынша қабылданған процессуалды шешімдер 24-30 жолдарда бейнеленеді.

45. 24-жолда тоқтатылған қылмыстық істер көрсетіледі, 25-жолда қысқартылған, сонымен қатар 26-жолда ақталған негіздер бойынша, 27-жолда ҚР ҚІЖК 280-бабының тәртібінде прокурорға жолданған, 28-жолда ҚР ҚІЖК 284 және 514 баптары бойынша сотқа жолданған, 29-жолда басқа қылмыстық іспен біріктірілген және 30-жолда бағыныстылығы бойынша жолданған қылмыстық і с т е р к ө р с е т і л е д і .

24-30 жолдарда соңғы қабылданған шешім, яғни есепті құрастыру кезінде осы қылмыстық іс бойынша нақты шешім бойынша есепке алу жүргізіледі.

Тоқтату туралы қаулылары алынған қылмыстық істер бойынша қабылданған процессуалды шешімдер туралы мәліметтер шешімнің қашан қабылданғанына карамастан, яғни егер тоқтату туралы қаулы өткен есептік кезеңде (жылда) алынса, ал шешім ағымдағы есептік кезеңде қабылданса, ондай жағдайда олар (24-30) жолдардың бірінде бейнеленеді.

46. 31-жолда 32-35 жолдарға бөлумен тоқтату туралы қаулылар алынған және олар бойынша есептің құрылу кезінде өндірістегі нақты мерзімді көрсетумен нақты процессуалды шешім қабылданбаған қылмыстық істердің саны көрсетіледі.

32, 33, 34 жолдар сомасы 31-жолға тең болуы керек.

47. 36 жолда бұрын қылмыстық қудалау органының, арнайы прокурордың өзі тоқтатқан істерден жаңғыртылған қылмыстық істер ескеріледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

48. 37-43 жолдарда бұрын тоқтатылғандар ішінен жаңғыртылған қылмыстық істер бойынша қабылданған процессуалды шешімдер (жаңғырту туралы шешімнің қашан қабылданғанына қарамастан): 37-тоқтату туралы, 38-қылмыстық істі қысқарту туралы, 39-сонымен қатар ақтау негіздері бойынша, 40-прокурорға ҚР ҚІЖК 280-бабының тәртібінде жолдау туралы, 41-прокурормен сотқа ҚР ҚІЖК 280, 514 баптарының тәртібінде жолдау туралы, 42-басқа қылмыстық істермен біріктіру туралы, 43-бағыныстылығы бойынша жолдау туралы қылмыстық істер көрсетіледі.

49. 44-жолда 2008 жылдан бергі тоқтатылған қылмыстық істердің қалдығы, яғни, 2008 жылы тоқтату негіздері бойынша 45-53 жолдар бойынша бөлумен есептік жылдың соңына тоқтату туралы шешімдер қабылданған барлық қылмыстық істер ескеріледі.

Егер тоқтатылған іс бойынша өндіріс жаңғыртылса, онда ол өндіріске қабылданған ретінде бейнеленеді, ал қылмыстық іс өндіріске қабылданған сәтінен бастап тиісті жолдардан жойылады.

50. Қайталанғандарды есепке алмағандағы есептік кезеңде қозғалған қылмыстық істердің қатарынан есептік кезеңнің соңындағы тоқтатылған қылмыстық істердің қалдығы 54-жолда бейнеленеді. 55-63 жолдарда қылмыстық істердің тоқтатылу негіздері көрсетіледі. Осы аталған істер соңғы қабылданған шешім бойынша есепке алынады.

34-30, 32-35, 37-43 жолдардың көрсеткіштері соңғы қабылданған шешім бойынша ескеріледі, яғни, егер басында жаңғыртылған немесе алынған қылмыстық іс бойынша тоқтату туралы шешім қабылданса, онда ол 25-жолда көрсетіледі. Егер тоқтату туралы қаулы алып тасталса және іс сотқа жолданса, онда ол 28-жолға ауыстырылады, ал 25-жолдан алып тасталады, сонымен қатар, егер іс өндірісте ескерілген болса, ондай жағдайда ол осы жолдардан алып тасталады.

3-кесте «Тергеу бөлімшелері, арнайы прокурорлар ҚР ҚІЖК 280 және 514 баптары тәртібінде қадағалаушы прокурорға жолдаған қылмыстық істер бойынша көрсеткіштер»

Ескерту. Кестенің атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

51. Осы кесте қадағалаушы прокурорға айыптау қорытындысымен жолданған және солар бойынша шешімдер қабылданған қылмыстық істер бойынша мәліметтерді бейнелейді. 2 бағаннан және 31 жолдан тұрады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

52. 1 және 2 бағандар 1 кестенің бағандарына ұқсас қалыптасады.

53. 1 жолда ҚР ҚІЖК 280, 514 баптары тәртібінде прокурорға жолданған қылмыстық істердің жалпы саны бейнеленеді, соның ішінде 2 жолда қайталанып қабылданған шешімдерсіз берілген қылмыстық істер көрсетіледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

54. 1 жолдан 3 жолда қадағалаушы прокурорға айыптау қорытындысымен, 4 жолда медициналық сипаттағы шараларды қабылдау туралы қаулымен, 5 жолда ҚР ҚІЖК 190-3 бабының тәртібінде жолданған істер көрсетіледі.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

55. 1 жолдан 6 жолда негізгі істерге біріктірілген, ҚР ҚІЖК 280 және 514 баптарының тәртібінде қадағалаушы прокурорға жолданған эпизодтардың саны көрсетіледі.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

56. 7 жолда қадағалаушы прокурорға қосымша тергеуге жолдаған істердің саны бейнеленеді (есеп 3.0. нысанды АЕҚ бойынша жүргізіледі), олардың ішінде 8 жолда тергеу жүргізуді басқа органға тапсыру арқылы прокурормен қосымша тергеуге жолдаған қылмыстық істердің саны көрсетіледі.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

57. 9-15 жолдарда қосымша тергеудің нәтижелері ескеріледі: 9 жолда қадағалаушы прокурорға айыптау қорытындысымен жолданған, 10 жолда прокурор ҚР ҚІЖК 284 және 514 баптарының тәртібінде сотқа жолдаған, 11 жолда қысқартылған, соның ішінде 12 жолда ақталатын негіздер бойынша қысқартылған, 13 - тоқтатылған, 14 - басқа қылмыстық іспен біріктірілген, 15

жолда тергеуде болуы бойынша жолданған қылмыстық істер ерекшеленеді.

12-жол 11-жолдан кіші немесе оған тең болуы тиіс.

Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

58. 16-жолда ҚР ҚІЖК 190-4-бабының 2-бөлігі тәртібінде тергеу жүргізу үшін қайтарылған СДІЖ саны бейнеленеді.

59. 17 жолда қадағалаушы прокурор жаңа айыптау қорытындысын құру үшін қайтарған қылмыстық істердің саны көрсетіледі.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

60. 18-жолда сотқа жолданған қылмыстық істердің саны.

61. 19 жолда қабылданған процессуалды шешімдерді көрсете отырып, сот қосымша тергеуге жолдаған қылмыстық істердің саны көрсетіледі (есепке алу 3.0 . нысанды АЕҚ бойынша жүргізіледі): 20 жолда қадағалаушы прокурорға айыптау қорытындысымен немесе ҚР ҚІЖК 514 бабының тәртібінде жолдаған, 21 жолда прокурор ҚР ҚІЖК 284 және 514 баптары тәртібінде сотқа жолдаған, 22 жолда тоқтатқан, 25 жолда басқа қылмыстық іспен біріктірілген, 26 жолда тергелу реті бойынша жолданған.

9-15, 20-26 жолдар бойынша істерді есепке алу есептік кезеңнің соңында соңғы қабылданған шынайы шешім, яғни, есепті құру кезіндегі осы қылмыстық іс бойынша нақты шешім бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 61-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

62. 27 жолда қадағалаушы прокурор және сот қосымша тергеуге қайтарған, тергеу мерзімдері өтіп кеткен, ал іс бойынша мерзімдер бойынша бөлумен шешім қабылданбаған қылмыстық істердің саны көрсетіледі: «2 айдан астам, бірақ 3 айдан артық емес» - 28 жол, «3 айдан астам, бірақ 6 айдан артық емес» - 29 жол, «6 айдан астам, бірақ 9 айдан артық емес» - 30 жол, «9 айдан астам» - 31 ж о л .

Сотпен және прокурормен қосымша тергеуге қайтарылған, ҚР ҚІЖК бойынша тергеу мерзімдері өтіп кеткен қылмыстық істер қылмыстық қуғындау органы істі өндіріске қабылдаған кезінен бастап есепке алынады.

Ескерту. 62-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

4-кесте «Тергеу бөлімшелерінің, арнайы прокурорлардың тоқтатылған қылмыстық істер бойынша көрсеткіштері»

Ескерту. Кестенің атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

63. Осы кесте тоқтатылған қылмыстық істер бойынша мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 75 жолдан тұрады.

64. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады. 3-баған 1-бағаннан шығады және өткен жылдары тоқтатылған және ағымдағы есептік кезеңде шешімдер қабылданған барлық қылмыстық істерді бейнелейді.

65. 1-жолда аяқталғандар қатарынан тоқтатылған қылмыстық істердің жалпы саны көрсетіледі, олардың ішінде 2-жолда қайталаусыз тоқтатылған қылмыстық істер көрсетіледі.

Егер өткен жылдары қылмыстық істі бір орган, арнайы прокурор, ал ағымдағы есептік кезеңде екінші орган, арнайы прокурор тоқтатқан болса, ағымдағы есептік кезеңде тоқтатқан органға, арнайы прокурорға есептелсін.

Ескерту. 65-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

66. 1-жолдан алынған 3-15 жолдарда прокурорға жіберілген айыптау қорытындысы бар және 4-жолда медициналық сипаттағы шараларды қолдану туралы қаулысы бар істер ескеріледі.

67. 16 жолда 17-29 жолдарда бейнеленетін қысқарту негіздерінің түрлеріне бөле отырып тергеу барысында қадағалаушы прокурор қысқартқан қылмыстық істердің саны ерекшеленеді.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

68. 30 жолда қадағалаушы прокурорға тоқтату негіздерінің түрлері бойынша бөле отырып айыптау қорытындысымен немесе ҚР КІЖК 514 бабының тәртібінде келіп түскеннен кейін (31-43 жолдар) ол тоқтатқан қылмыстық істер ерекшеленеді.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

69. 44-жолда негізгі істерге біріктірілген істердің саны көрсетіледі, олардың ішінде 45-жолда ақтау негіздері бойынша тоқтатылғандар.

70. 46-жолда ақтау негіздері бойынша тоқтатылған істердің саны көрсетіледі, олардың ішінде 47-жолда басқа ведомстволармен қозғалған істер бойынша (қызметтен тыс, яғни, есепке тек басқа қызметпен емес, басқа ведомствомен қозғалған істер алынады).

71. 48 жолда қылмыстық істі тоқтату туралы қадағалаушы прокурор күшін жойған қаулылардың саны, сонымен қатар 49 жолда қылмыстық қудалау органының, арнайы прокурорлардың өзінің өтініші бойынша алынған қылмыстық істер көрсетіледі.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

72. 50 жолда қайталанып күші жойылған (егер өткен жылдары қадағалаушы прокурор бір органның, арнайы прокурордың қылмыстық ісінің күшін жойса, ал ағымдағы есептік кезеңде қадағалаушы прокурор басқа органның, арнайы прокурордың қылмыстық ісінің күшін жойған болса, онда ағымдағы есептік кезеңде қадағалаушы прокуратура күшін жойған орган, арнайы прокурор негізге алынады) істер бейнеленеді.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

73. 51-63 жолдарда 48-жолдан қалыптасатын тоқтату негізінің түрлері бойынша бөлінген қылмыстық істер бейнеленеді.

74. 64 жолдан 70 жолға дейін тоқтату, қысқарту, соның ішінде ақталатын негіздер бойынша, ҚР ҚІЖК 280-бабының тәртібінде қадағалаушы прокурорға жолдау, ҚР ҚІЖК 284 және 514 баптарының тәртібінде қадағалаушы прокурордың сотқа жолдауы, басқа қылмыстық істермен біріктіру, тергеуде болуы бойынша жолдау туралы қабылданған процессуалды шешімдер бейнеленеді. Есепті қалыптастыру кезінде соңғы қабылданған шешім бойынша есепке алу жүргізіледі.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

75. 71-жолда тоқтату туралы қаулылары алынған және олар бойынша тергеу мерзімдері өтіп кеткен қылмыстық істер бейнеленеді.

76. 72-75 жолдарда тергеу мерзімдерінің өтіп кетуі бойынша бөлу көрсетілген қылмыстық істер бейнеленеді.

5-кесте «Тергеу бөлімшелерінің, арнайы прокурорлардың бұлтартпау шараларын таңдау бойынша көрсеткіштері»

Ескерту. Кестенің атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

77. Көрсетілген кесте ҚР ҚІЖК сәйкес бұлтартпау шарасы таңдалған, тергеушілер, арнайы прокурорлар ұстаған адамдар туралы (соның ішінде кәмелетке толмағандар) мәліметтерді бейнелейді және 2 баған мен 40 жолдан тұрады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

78. 1-жолда бұлтартпау шарасы таңдалған тұлғалардың саны бейнеленеді: 2-жолда ешқайда кетпеу туралы қолхат және тиісті емес мінез құлық, 3-жолда жеке

кепілдік, 4-жолда әскери қызметшіні әскери бөлік басшылығының бақылауына алуға беру, 5-жолда кәмелетке толмағанды қарауға беру, 6-жолда кепілге салу, 7-жолда үйде қамауда ұстау және 8-жолда қамауға алу көрсетіледі.

Аталған жолдардағы мәліметтер тұлғаға қатысты іс жүргізу бойынша мәжбүрлеу шарасы қолданылған-қолданылмағанына байланыссыз бейнеленеді (бір тұлғаға қатысты таңдалған барлық бұлтарпау шаралары, соның ішінде қайталанғандары ескеріледі).

Мысалы, қамауға алу таңдалған – содан соң алынған, қолхат таңдалып алынған – содан соң қамауға алуға өзгертілген, таңдап алынған бұлтарпау шарасы («қолхат» - 1 және «қамауға алу» - 2 деген жолдарда көрсетілуі керек).

79. 9-жолда ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібінде ұсталған тұлғалардың саны бейнеленеді.

80. 9-жолдан 10-жолда қамауға алынған тұлғалардың саны ескеріледі (ҚР ҚІЖК 150-б.), соның ішінде 11-жолда өткен есептік жылда ұсталғандар, 12-жолда босатылғандардың барлығы, соның ішінде 13-жолда өткен есептік жылы ұсталғандар.

81. 12-жолдан 14-жолға қамау сәтінде қылмыстың жасалғанына күдіктің расталмауына байланысты босатылған тұлғалардың саны бейнеленеді, 15-жолда ақтау негіздерімен қылмыстық қуғындалған тұлғалар бейнеленеді. 16-жолда негіздің болмауына байланысты ұсталғанға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану, 17-жолда ҚР ҚІЖК 134-б. талаптарын бұзу арқылы ұстауға байланысты, 18-жолда заңмен белгіленген ұстау мерзімінің өтіп кетуіне байланысты.

19-жолда прокурормен босатылған тұлғалардың жалпы саны көрсетіледі.

20-жолда кейіннен іздестіру жарияланған тұлғалар, 21-жолда органдардың өзімен босатылғандар, 22-жолда кейіннен іздестіру жарияланған және 23-жолда ұсталғандарды ұстау орындарының бастықтарымен босатылған тұлғалар бейнеленеді.

82. 24-жолда (9-жолдан) прокурордың қамауға алу туралы өтінішхатты қолдаудан бас тартуының нәтижесінде босатылған тұлғалар, 25-жолда кейіннен іздестіру жарияланған тұлғалар ерекшеленеді. 26-жолда соттың қамауға алуды (қамауда ұстау) санкциялаудан бас тартуымен байланысты босатылған және 27-жолда кейіннен іздестіру жарияланған тұлғалар көрсетіледі.

83. 28-жолда қамауға алу (қамауда ұстау) түріндегі бұзылған және өзгертілген бұлтарпау шараларының жалпы саны бейнеленеді, соның ішінен 29-жолда қылмыстық қудалауды қысқартумен байланысты, 29-жолдан алынған 30-жолда ақталмайтын негіздер бойынша қысқартумен байланысты бұлтартпау шаралары бейнеленеді. 9-30-жолдарды қалыптастыру бастапқы қабылданған шешім бойынша жүргізіледі.

84. 31-жолда өздеріне қатысты Белгілі мерзімде қамауда тұрған қылмыстық істері аяқталған тұлғалар саны ескеріледі, олар 32-35-жолдарда ұстау мерзімдеріне қарай бөлініп жазылады. Аталған жолдардың көрсеткіштерін есепке алу 2.0 нысанды АЕҚ бойынша жүргізіледі, онда сотқа жіберу туралы және тұлғаға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдап алынған шешім бейнеленеді, соның ішінде аталған тұлғаға қатысты соңғы шешім е с к е р і л е д і .

Ескерту: сот қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтаратын болса, аталған жолдардан көрсеткіштер алынып тасталады.

85. 36-жолда аяқталмаған істер бойынша қамауға алынған тұлғалардың саны бейнеленеді, олар бұдан әрі қамауда болу мерзімдері бойынша 37-40-жолдарда бөлініп жазылады.

6-кесте «Тергеу бөлімшелерінің, арнайы прокурорлардың қылмыстық істерді тергеу мерзімдері бойынша көрсеткіштері»

Ескерту. Кестенің атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

86. Осы кесте қылмыстық істерді тергеу мерзімдері туралы мәліметтерді көрсетеді және 2 баған мен 26 жолдан тұрады (қайталап қабылданған шешімдермен қалыптастырылады).

87. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады.

88. 1-жолда аяқталған, олар бойынша тергеу мерзімі ұзартылған қылмыстық і с т е р к ө р с е т і л е д і .

89. 1-жолдан қабылданған процессуалды шешімдер бойынша бөлініп жазылған қылмыстық істер: 2-қысқартылған қылмыстық істер бойынша, соның ішінде 3-жолда ақтау негіздерімен қысқартылған қылмыстық істер және 4-жолда ҚР ҚІЖК 280-бабының тәртібімен прокурорға жолданған қылмыстық істер б е й н е л е н е д і .

90. 196-бабының 1-бөлігімен белгіленгеннен артық мерзімдерде аяқталған қылмыстық істер бойынша, солардың ішінен 6-жолда қайта жаңғыртылғандар есепке алынбаған қылмыстық істер көрсетіледі.

91. 7-жолда ҚР ҚІЖК 196-бабының 4-бөлігімен көзделген тәртіпте тергеу мерзімдері ұзартылған істер көрсетіледі.

92. 8-жолда ҚР ҚІЖК 196-бабының 7-бөлігінің тәртібінде қосымша тергеу жүргізу үшін істі қайтарумен байланысқандар көрсетіледі.

93. 9-жолда іс бойынша өндірісті қайта жаңартумен байланысты, соның ішінде 10-жолдан алынған ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 1-тармағынан және 11-жолда ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 2-тармағынан алынған мәліметтер

б е й н е л е н е д і .

94. Тергеу мерзімдері бойынша 12-18 жолдарда бөліп жазу арқылы аяқтаған қылмыстық істер көрсетіледі.

95. 19-жолда аяқталмаған істердің қалғандары, оларды тергеу мерзімдеріне қарай 20-26-жолдарда бөліп жазу арқылы бейнеленеді.

Қылмыстық істердің тергеу мерзімдерін есептеу кезінде істің өндірісте болған мерзімі ғана енгізіледі.

7-кесте «Тергеу бөлімшелерінің, арнайы прокурорлардың қылмыстық істерді тергеу кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау туралы көрсеткіштері»

Ескерту. Кестенің атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

96. Осы кесте азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы және оларды қорғау туралы мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 21 жолдан тұрады.

97. 1 және 2-бағандар 1-кестенің бағандарына ұқсас қалыптастырылады. 1-бағаннан 3-бағанда өздеріне қатысты әр жол бойынша өткен жылдары іс жүргізу шешімдері қабылданған тұлғалардың саны көрсетіледі.

Мысалы: тұлғаға айып тағылған немесе ол өткен жылы ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібінде қамауда болған, ал осы тұлғаға қатысты қылмыстық іс немесе қылмыстық қуғындау ағымдағы есептік кезеңде ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған.

98. 1 жолда оларға қатысты айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған адамдардың жалпы саны және егер адамдар ҚР ҚІЖК 132-142 баптары тәртібінде ұсталған болса немесе ҚР ҚІЖК 149, 150 баптары тәртібінде қамауда болған болса, қандай да бір бұлтартпау шарасы қолданылғанына қарамастан айып тағылған, содан кейін өндірісін есептік кезеңде прокурор, арнайы прокурор, тергеуші немесе сот ақталатын негіздер бойынша (ҚІЖК 37-бабы 1 бөлігінің 1, 2, 5, 7, 8 тармақшалары және 2 бөлігі) қысқартқан адамдар көрсетіледі.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

99. 1 жолдан 2 жолда оларға қатысты айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған адамдардың жалпы саны, қандай да бір бұлтартпау шарасы қолданылғанына қарамастан айып тағылған, содан кейін өндірісін есептік кезеңде прокурор, арнайы прокурор, тергеуші немесе сот ақталатын негіздер бойынша (ҚІЖК 37 бабы 1 бөлігінің 1, 2, 5, 7, 8 тармақшалары және 2 бөлігі)

қысқартқан

адамдар

көрсетіледі.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

100. 2-жолдан 3-жолда есептік кезеңде айып тағылған тұлғалар, 4-жолда айып басқа ведомствомен тағылған тұлғалардың саны көрсетіледі, 5-жолда ҚР ҚІЖК 142-бабының тәртібінде ұсталғандардың, сонымен қатар 6-жолда басқа ведомствомен жүргізілген, 7-жолда ҚР ҚК 149-150 баптарының тәртібімен қамауға алынғандар, 8-қамауда басқа ведомствомен алынғандар бейнеленеді.

101. (ҚР 37-б., 1-б., 1, 2, 5, 7, 8 тармақшалары) 1 жолдан 9 жолда қылмыстық істері немесе қылмыстық қуғындауы сотпен ақтау негізінде қысқартылған тұлғалар бейнеленеді.

102. 9-жолдан 10-жолда ҚР ҚІЖК 142-бабының тәртібімен ұсталынғандар, соның ішінде 11-жолда басқа ведомствомен ұсталынғандар 12-жолда ҚР ҚІЖК 149 және 150-баптарының тәртібімен, соның ішінде 13-жолда қамауда басқа ведомствомен жүргізілген тұлғалар бейнеленеді.

103. 1-жолдан 14-жолда заңды күшіне енген үкімдермен ақталған тұлғалар бейнеленеді.

104. 14-жолдан 15-жолда ҚР ҚІЖК 142-бабының тәртібінде ұсталғандар соның ішінде 16-ұстау басқа ведомствомен жүргізілген 17- ҚР ҚІЖК 149, 150 баптарының тәртібімен, соның ішінде 18-қамау басқа ведомствомен жүргізілген.

Ескерту: егер бір тұлғаға қатысты оның конституциялық құқығы бір-екі рет бұзылса, онда бірінші қабылданған шешім бойынша есептеу қажет. Егер қандай да бір шешім жойылса, оған сәйкес жолдарда түзетулер жүргізіледі (мысалы: ақтау бойынша қысқарту туралы қаулы жойылады).

19-жолда айыпталушы ретінде айыпқа тарту және тұлғаға қатысты шешім қабылдау туралы прокурормен күші жойылған қаулылардың саны бейнеленеді.

105. 19 жолда айыпталушы ретінде тарту және адамға қатысты шешім қабылдау туралы қадағалаушы прокурор күшін жойған қаулылардың саны көрсетіледі.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

106. 19-жолдан 20-жолда ҚР ҚІЖК 284 және 514 баптарының тәртібінде сотқа жолданған тұлғалардың саны көрсетіледі, және 21-жолда ақталған негіздер бойынша тоқтатылғандар көрсетіледі.

7-1 кесте «ҚР ҚІЖК 198 бабы 3 бөлігіне сәйкес тергеу бөлімшелерінің, арнайы прокурорлардың қылмыстық істерді тергеу кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау туралы көрсеткіштері» есептің 7 кестесіне сәйкес құрылады.

Ескерту. 106-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

8-кесте «Тергеу бөлімшелерінің, арнайы прокурорлардың кәмелетке толмағандардың істері бойынша көрсеткіштері»

Ескерту. Кестенің атауы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

107. Осы кесте 2 бағаннан және 37 жолдан тұрып, кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты қозғалған қылмыстық істер бойынша өндірісте бар және қабылданған іс жүргізу шешімдері туралы мәліметтерді бейнелейді.

108. 1-жолда кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты қозғалған өндірісте бар қылмыстық істердің жалпы саны көрсетіледі.

109. 2 жолда қосымша тергеуге қайтарылған қылмыстық істердің саны ескеріледі, олар 3 жолда қадағалаушы прокурорға және 4 жолда сотқа бөлініп көрсетіледі.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

110. 5-жолда өндіріспен қайта жаңғыртылған, соның ішінде 6-жолда бұрын қысқартылғандардың ішінен және 7-жолда бұрын тоқтатылғандардың ішінен алынған қылмыстық істердің саны ескеріледі.

111. 8-жолда өндіріспен тоқтатылған істердің саны, олар бойынша 9 және 17-жолдарда тоқтату негіздерін бөліп жазу арқылы көрсетіледі.

112. 18-жолда бір өндіріске біріктірілген қылмыстық істердің саны ерекшеленеді.

113. 19-жолда тергеу жүргізу бойынша жолданған қылмыстық істер көрсетіледі.

114. Есептік кезеңде аяқталған қылмыстық істердің барлығы 20-жолда көрсетіледі.

115. ҚР ҚІЖК мерзімдерін бұзу арқылы аяқталған қылмыстық істердің саны 21-жолда көрсетіледі.

116. 20 жолдан алынған 22-24 жолдарда ҚР ҚІЖК 280 баптарының тәртібінде прокурорға жолданған ҚР ҚІЖК 514 баптарының тәртібімен тиісінше қысқартылған қылмыстық істер саны бейнеленеді.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2011.12.30 № 148 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) бұйрығымен.

117. 25-37-жолдарда олардың қысқартылу негіздерінің көрсеткіштері бейнеленеді.

4. Есептің 9-16-кестелерінің құрылымы және оларды қалыптастыру (анықтау органдарының жұмысы)

9-кесте «Анықтау бөлімшелерінің негізгі көрсеткіштері»

118. Көрсетілген кесте қылмыстық істерді тергеу бойынша анықтау органдары жұмысының негізгі көрсеткіштерін бейнелейді және 2 баған мен 37 ж о л д а н т ұ р а д ы .

119. 1 және 2-бағандардың көрсеткіштері осы Нұсқаулықтың 16 және 17 тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

120. 1, 2, 3, 8-27 және 29-37-жолдарындағы көрсеткіштер тиісінше, осы Нұсқаулықтың 18-20, 22-33, 34-37 тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

121. 4-жолда тергеу органдарынан келіп түскен, соның ішінен 5-жолда белгіленген мерзімді бұзу арқылы келіп түскен қылмыстық істер көрсетіледі.

122. 6-жолда басқа анықтау органдарынан тергеуге алынғандығына қарай келіп түскен қылмыстық істер, солардың ішінен 7-жолда басқа анықтау органдарынан белгіленген тергеу мерзімдерін бұзу арқылы тергеуге алынғандығына қарай келіп түскен қылмыстық істер бейнеленеді (30-күннен аса және 2 айдан аса мерзімде ҚР ҚІЖК 288-бабының 1-бөлігі тәртібімен).

123. 28-жолда ҚР ҚІЖК 280, 287-баптарының тәртібінде аяқталғандардың ішінен прокурорға жолданған қылмыстық істердің саны ерекшеленеді.

10-кесте «Анықтау бөлімшелерінің тоқтатылған қылмыстық істер бойынша көрсеткіштері»

124. Осы кесте тоқтатылған қылмыстық істер бойынша мәліметтерді бейнелеп, 3 баған мен 62 жолдан тұрады. 1-30-жолдардың көрсеткіштері осы Нұсқаулықтың 40-43-тармағының, 35-62 жолдарына 46-49 тармақтарына сәйкес 2-азат жолын қоспағанда, 35-41-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

125. 27-39-жолдарда ҚР ҚІЖК 284, 289 және 514 баптарының тәртібімен прокурорға жолданған істер бейнеленеді.

126. 28-34 жолдарда ҚР ҚІЖК 284, 289 және 514 баптарының тәртібімен сотқа жолданған істер бейнеленеді.

127. 31-жолда тоқтату туралы қаулыларының күші жойылған және олар бойынша тергеу мерзімдері өтіп кеткен қылмыстық істердің саны көрсетіледі, олар мерзімдеріне қарай 32-34-жолдар бойынша бөлініп жазылады.

11-кесте «Анықтау бөлімшелерінің ҚР ҚІЖК 280, 287 және 514-баптарының тәртібінде прокурорға жолданған қылмыстық істері бойынша көрсеткіштері»

128. Осы кесте айыптау хаттамасымен, айыптау қорытындысымен немесе дәрігерлік сипаттағы шараларды қолдану туралы қаулымен және олар бойынша прокурордың қабылдаған шешімдерімен прокурорға жолданған қылмыстық істер бойынша анықтау органдарының мәліметтерін бейнелейді және 2 баған мен 31

129. 1-жолда ҚР ҚІЖК 280, 287, 190-3 және 514-баптарының тәртібімен прокурорға жолданған істер бейнеленеді, соның ішінде 2-жолда қайтарусыз және 3-жолда 10 күнге дейінгі мерзімдегі істер бейнеленеді.

130. 1-жолдан 4-жолда прокурорға айыптау хататамасымен келіп түскен, 5-жолда айыптау қортындысымен, 6-жолда дәрігерлік сипаттағы шараларды қолдану туралы қаулымен келіп түскен қылмыстық істер көрсетіледі.

131. 8, 11, 21 жолдарда ҚР ҚІЖК 280, 287, 190-3 және 514-баптарының тәртібімен прокурорға жолданған істер бейнеленеді.

132. 12-22 жолдарда сотқа ҚР ҚІЖК 284, 289, 514-баптарының тәртібімен прокурорға жолданған істер бейнеленеді.

133. 5, 6, 9, 10, 13-20, 23-27 жолдардың көрсеткіштері осы Нұсқаулықтың 53, 55, 56, 57, 58, 59 тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

134. 28-жолда ҚР ҚІЖК бойынша мерзімдері өтіп кеткен прокурормен және сотпен қосымша тергеуге жолданған қылмыстық істер бейнеленеді.

135. 28-жолдан 29-жолда 10 тәуліктен астам, бірақ 30 тәуліктен артық емес, 30-жолда 30 тәуліктен астам, бірақ 2-айдан көп емес және 31-жолда 2 айдан астам мерзімдегі істер көрсетіледі.

12-кесте «Анықтау бөлімшелерінің қысқартылған қылмыстық істер бойынша көрсеткіштері»

136. Кестені сипаттау қысқартылған қылмыстық істер жөніндегі мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 74 жолдан тұрады, осы Нұсқаулықтың 63-72 тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

137. 30-жолда прокурорға айыптау хаттамасымен, айыптау қорытындысымен немесе ҚР ҚІЖК 514-бабының тәртібінде келіп түскен, онымен қысқартылған қылмыстық істер ерекшеленеді, олар қысқарту негіздерінің түрлері бойынша 31-43 жолдарда бөлініп көрсетіледі.

138. 71-жолда қысқарту туралы қаулыларының күші жойылған және олар бойынша тергеу мерзімдері өтіп кеткен қылмыстық істердің саны көрсетіледі, олар мерзімдеріне қарай 72-74-жолдарда бөлініп жазылады.

13-кесте «Анықтау бөлімшелерінің бұлтартпау шараларын таңдау бойынша көрсеткіштері»

139. Көрсетілген кесте ҚР ҚІЖК сәйкес бұлтартпау шаралары таңдалған анықтау органдарымен ұсталған тұлғалар (соның ішінде кәмелетке толмағандар) туралы мәліметтерді бейнелейді және 2 баған мен 36 жолдан тұрады. Осы Нұсқаулықтың 76-80-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

140. 31-жолда ҚР ҚІЖК 284, 289-баптарының тәртібінде сотқа жолдау туралы шешім қабылданған, қамауға алынған тұлғалардың саны бейнеленеді, олар 32-жолда 2 айдан астам, бірақ 3-айдан артық емес, 33-жолда 3 айдан астам

мерзімдегі істер бейнеленеді.

141. 34-жолда аяқталмаған істер бойынша қамауға алынған тұлғалардың саны бейнеленеді, олар қамауда болу мерзімдеріне қарай 35-жолда 2 айдан астам, бірақ 3 айдан артық емес, 36-жолда 3 айдан астам мерзімдегі істер бейнеленеді.

31-36-жолдарды қалыптастыру соңғы шешім бойынша жүргізіледі.

14-кесте «Анықтау бөлімшелерінің қылмыстық істерді тергеу мерзімдері бойынша жұмыстарының көрсеткіштері»

142. Бұл кестеде қылмыстық істерді тергеу мерзімдері туралы мәліметтерді бейнелейді, 2 баған және 28 жолдан тұрады (қайта қабылданған шешімдер бойынша қалыптастырылады)

143. 1-жолда анықтау мерзімі ұзартылған қылмыстық істер бейнеленеді.

144. 1-жолда қабылданған процессуалды шешімдер бойынша бөлінген қылмыстық істердің көрсеткіштері ерекшеленеді: 2-жолда қысқартылған қылмыстық істер бойынша, соның ішінде 3-жолда ақтау негіздерімен және 4-жолда ҚР ҚІЖК 280-бабының тәртібімен прокурорға жолданған істер көрсетіледі.

145. 5-жолда ҚР ҚІЖК анықталған мерзімінен астам уақытта аяқталған қылмыстық істер бойынша мәліметтер бейнеленеді, 5-жолдан 6-жолда соның ішінде қайтарусыз, 7-жолда анықтау бойынша (айыптау хаттамасымен), 8-жолда ҚР ҚІЖК 288-бабының 2-бөлігіне сәйкес анықтау, 19-жолда алдын-ала тергеу бойынша мәліметтер бейнеленеді.

146. 5-жолдан 9-жолда ҚР ҚІЖК 285-бабының 13-бөлігі бойынша қарастырылған тәртіппен тергеу мерзімі ұзартылған, 10-жолда ҚР ҚІЖК 196-бабы 7-бөлігінің тәртібімен қосымша тергеу өндірісі үшін қайтаруға жолданған, 11-жолда іс бойынша өндірістің жаңғыртылуымен, соның ішінде 12-жолда ҚР ҚІЖК 50-бабының 1-бөлігі 1-тармағынан және 13-жолда ҚР ҚІЖК 50-бабының 1-бөлігі 2-тармағынан мерзімдері ұзартылған қылмыстық істер көрсетіледі.

147. 14-19 жолдарда тергеу мерзімдері көрсетіліп жазылған аяқталған қылмыстық істер бейнеленеді.

148. 20-жолда 10 тәулік ішінде аяқталған істер бейнеленеді.

149. 21-жолда тергеу мерзімдері 22-28 жолдарда көрсетіліп жазылған аяқталмаған істердің қалдығы бейнеленеді.

15 кесте «Анықтау бөлімшелерінің қылмыстық істерді тергеуде азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау көрсеткіштері»

150. Кестенің сипаттамасы азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау және бұзу туралы мәліметтерді бейнелейді және 3 баған мен 21 жолдан тұрады, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 93-101 тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

151. 19-жолда айыпталушы ретінде тарту туралы прокурормен алынған қаулылардың саны және тұлғаға қатысты қабылданған шешімдердің саны

к ө р с е т і л е д і .

152. 19-жолдан 20-жолда ҚР ҚІЖК 284, 289, 514 баптарының тәртіптерімен сотқа жолданған және ақтау негіздерімен қысқартылған тұлғалардың саны бейнеленеді.

16-кесте «Тергеу және анықтау бөлімшелерінің кәмелетке толмағандардың істері бойынша көрсеткіштері»

153. Осы кесте 2 баған және 37 жолдан құрылып, кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты қозғалған қылмыстық істер бойынша өндірісте бар және қабылданған іс жүргізу шешімдері туралы мәліметтерді бейнелейді. Кесте осы Нұсқаулықтың 103-113 тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

154. 22-жолда ҚР ҚІЖК 280, 287-баптарының тәртібімен прокурорға жолданған қылмыстық істер бейнеледі.